

Бассейн

Автор: Ерте өткен кезеңде су асты патшалығында Теңіз патшасы өмір сүріпті. Оның жалғыз «Су перісі» есімді қызы болыпты. /музыкалық фонда екеуі жоғары қарай көтеріледі. Артынан теңіз жылқысы еріп шығып, теңіз патшасының жарлығын оқиды./

Музыкалық фонда

Теңіз жылқысы: Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Бүгін біздің патшалықта сұлу Су перісінің құрметіне арналған теңіз балы өтеді.

Осы уақытта қорқынышты әуенмен айдаһар ұшып келеді.

Айдаһар: Тоқтатыңдар! Ешқандай бал өтпейді. Мен су перісін өміммен бірге алып кетуге келдім. Егер оны босатқыларың келсе, менің 2 тапсырмамды орындандар.

1 тапсырма – теңіздің келесі жағалауында шашылған теңіз маржандарын маған жеткізіндер

2 – теңіз түбінде жатқан қарақшылар қазынасын тауып беріндер

/айдаһар қызды алып ұшып кетеді./

Теңіз патшасы: /қайғылы музыка/ Уа, теңіз патшалығының тұрғындары! Менің жалғыз қызымды қаһарлы айдаһардың қамауынан кім босатып берсе, патшалығымдағы жарты қазынамды сыйға беремін.

Теңіз жылқысы: Сіздің тілегіңіз орындалады, ұлы мәртебелім!

/Барлығы отырады. Дайындалуға белгі береді./

Теңіз жылқысы: Дайындалыңдар! /ысқырық/

1 тапсырма орындалсын!

1. дельфиндер мен балықтар 1 ші тапсырма бойынша теңіздің арғы жағалауындағы шашылған теңіз маржандарын баспен итеріп жеткізу керек.

2 тапсырма орындалсын!

2. балықтар мен дельфиндер 2 тапсырма бойынша су астында шашылған алтын монеталарды сандыққа жинайды.

Ойындар аяқталған соң музыка ойнап, Айдаһар ұшып келеді.

Айдаһар: Менің тапсырмаларым орындалды ма?

Теңіз жылқысы: Алтын айдарлы Айдаһар мырза! Сіздің қалауыңызбен тапсырмалар орындалды. /маржандар салынған тор капшық пен қарақшылар қазынасын береді/ Музыка фонында Айдаһар ұшып кетеді. Нәзік музыкамен ортаға билеп Су перісі шығады. Барлығы қол шапалақтайды.

Су перісі: Рахмет әкешім. Мені аждаһа айдаһардың құрығынан құтқарғаныңыз үшін барша патшалық тұрғындарына рахмет.

Теңіз патшасы: Менің патшалығымның қымбатты тұрғындары! Менің қызымды босатуға көмектескендерің үшін алғыс айтамын. Бал басталсын!

Би

Автор: Теңіз патшасы тұрғындарына уәде еткендей патшалығының жарты қазынасын сыйға таратып береді. Осылайша патшалықтағы оқиға соңы қуанышпен аяқталыпты. Барлығы молшылықпен бақытты, қуанышты өмір сүре бастапты.

Бассейн қатысушылар тізімі

Жүргізуші – Адия /Құлыншак/

Патша – Сырым /Қарлығаш/

Су перісі – Айбибі /Балбұлақ/

Теңіз жылқысы – Алихан /Қарлығаш/

Айдаһар - Абдулфаттах /Балбұлақ/

Балықтар – Ақниет /Ақжелкен/ Аниса /Бәйтерек/ Аянат /Арай/

Делфиндер – Нұртас /Арай/ Айсұлтан /Ақжелкен/ Арсен /Алпамыс/

